

## Орман қоры жерлерінің жекелеген участеклерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 684 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Үйгентас орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан жалпы ауданы 3,7934 гектар жер участеклері өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мүқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жетісу облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер участеклерінің "Талдықорған – Қалбатау – Өскемен" респубикалық маңызы бар автомобиль жолының 480-515 км участесін реконструкциялау (салу) үшін "Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Комитет) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Комитет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алудан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасылары мен шығындарын респубикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 16 тамыздағы  
№ 684 қаулысына  
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мүқтаждықтарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Ж е р пайдалануышының атауы	Жалпы ауданы, гектар	Орманмен көмкерілген	Орманмен көмкерілмеген, оның ішінде:	
			алаңқайлар	басқа жерлер
1	2	3	4	5
"Жетісу облысының табиғи ресурстар және табигатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің „ Үйгентас орман шаруашылығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3,7934	1,2	0,2934	2,3
Барлығы:	3,7934	1,2	0,2934	2,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК